Әділет

# Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016 – 2017 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыру бойынша іс-шаралар тізбесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 23 өкімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиясының Жұмыс регламентіне №1 қосымшаның 63-тармағына сәйкес және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016 – 2017 жылдарға арналған негізгі бағдарлары туралы" 2016 жылғы 31 мамырдағы №5 шешімін орындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016 – 2017 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден макроэкономикалық саясат жүргізу кезінде тізбеде көрсетілген іс-шараларды ескеру және олардың іске асырылу барысы туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны хабардар ету сұралсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссияның Интеграция және макроэкономика жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) Т.Д. Валовая Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016 – 2017 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыруға бағытталған іс-қимылдарға талдау жүргізуді қамтамасыз етсін және Комиссияның құзыретіне жататын бөлікте тізбеде көзделген іс-шаралардың орындалуын үйлестірсін.

4. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
|---|---|---|---|---|
| *В.Габриелян* | *В.Матюшевский* | *Б.Сағынтаев* | *О.Панкратов* | *И.Шувалов* |

Еуразиялық экономикалық комиссия<br>Кеңесінің<br>2016 жылғы 18 қазандағы № 23<br>өкімімен<br>БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016 – 2017 жылдарға арналған негізгі бағдарларын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың ТІЗБЕСІ**

| Негізгі бағдарларды іске асыруға бағытталған іс-қимылдар | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жүзеге асыруы үшін ұсынылатын іс-шаралар | Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асыратын іс-шаралар | Еуразиялық экономикалық комиссияның жауапты департаменттері | Күтілетін экономикалық нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| I. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету | | | | |
| 1-бағыт. Инфляция деңгейін тұрақтандыру жөнінде шаралар қабылдау | | | | |
| 1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ( бұдан әрі – мүше мемлекеттер) инфляцияны таргеттеу режимінде ақшалай-кредиттік саясатты жүргізуге көшуі және осы режимге көшу үшін жағдай жасау бойынша жұмысты жалғастыру | мүше мемлекеттер айқындаған инфляция бойынша орта мерзімді бағдарларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін ұлттық деңгейдегі шараларды қабылдау және мүше мемлекеттердің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта ( бұдан әрі – Шарт) белгіленген инфляция деңгейінің сандық мәнін (тұтынушылық бағалар индексін) сақтауы Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) консультациялар жүргізу және мүше мемлекеттер Шартта белгіленген инфляция деңгейінің сандық мәнін (тұтынушылық бағалар индексін) асырған жағдайда | инфляция бойынша орта мерзімді бағдарларға қол жеткізу үшін мүше мемлекеттер қабылдайтын шараларды талдау және Шартта белгіленген инфляция деңгейінің сандық мәнін ( тұтынушылық бағалар индексін) сақтау мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультациялар жүргізу және мүше мемлекеттер Шартта белгіленген инфляция деңгейінің сандық мәнін (тұтынушылық бағалар индексін) асырған жағдайда Комиссияның ұсынымдарын әзірлеу | Макроэкономикалық саясат департаменті, Қаржылық саясат департаменті | мүше мемлекеттердің инфляция бойынша орташа мерзімді бағдарламаларға қол жеткізуі мүше мемлекеттердің инфляция деңгейінің Шартта белгіленген сандық мәнін ( тұтынушылық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әзірленген Комиссияның ұсынымдарын есепке алу | | | бағалар индексі) сақтауы |
| 2. Инфляция деңгейі бойынша орта мерзімді бағдарларды айқындау тәсілдерін әзірлеу | Шартта белгіленген инфляция деңгейі көрсеткішінің шекті мәнін (тұтынушылық бағалар индексін) есептеуге әдімтемелік тәсілдерді нақтылау бойынша жұмысқа қатысу<br>мүше мемлекеттердің инфляция деңгейі бойынша орта мерзімді бағдарларды айқындау тәсілдерін әзірлеуге немесе талқылауға қатысу | Шартта белгіленген инфляция деңгейі көрсеткішінің шекті мәнін (тұтынушылық бағалар индексін) есептеуге әдімтемелік тәсілдерді нақтылау бойынша ұсыныстар дайындау және мүше мемлекеттермен консультациялар ұйымдастыру<br>мүше мемлекеттердің инфляция деңгейі бойынша орта мерзімді бағдарларды айқындау тәсілдерін әзірлеу немесе талқылау бойынша ұсыныстар дайындау және консультациялар ұйымдастыру | Макроэкономикалық саясат департаменті | инфляция деңгейінің сандық мәнін есептеу және айқындау тәсілдерін нақтылау |
| 3. Әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтер көрсету бағаларының айтарлықтай өсуіне жол бермеуге, сондай-ақ осындай тауарлар мен қызметтер көрсетудің тізбелерін жаңартуға бағытталған шараларды іске асыру және тетіктерді жетілдіру | әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтер көрсетудің бөлшек сауда бағаларының деңгейіне тұрақты мониторингті жүзеге асыру<br>қажет болған кезде әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтер көрсету тізбелерін жаңарту | әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтер көрсету бағаларының айтарлықтай өсуіне жол бермеу және осындай тауарлар мен қызметтер көрсету тізбелерін жаңарту бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылына мониторинг жүргізу | Макроэкономикалық саясат департаменті, Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаменті | әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтер көрсету бағаларының айтарлықтай өсуін тежеу |
| | мүше мемлекеттердің шаруашылық | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын және мемлекеттік баға реттеу тәртібін бұзушылықтарды анықтау.<br>Мүше мемлекеттер аумақтарында мүше мемлекеттердің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының және бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу | жүргізуші субъектілерінің трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық белгілерінің болуы туралы арыздарды (материалдарды) және мүше мемлекеттердің басқа мүше мемлекеттің мемлекеттік баға реттеуді енгізуі туралы шешімімен келіспеуі туралы өтініштерін Комиссияға беру<br>мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің монополияға қарсы заңнаманың және бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесу мақсатында мүше мемлекеттердің тауар нарықтарында тауарларды өткізуге (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуге монополияға қарсы бақылауды жүзеге асыру және тиісті шаралар қабылдау<br>тауар нарықтарында монополияға қарсы заңнаманың және бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің | трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылық белгілерінің болуы туралы арыздарды (материалдарды) және мүше мемлекеттердің басқа мүше мемлекеттің мемлекеттік баға реттеуді енгізуі туралы шешімімен келіспеуі туралы өтініштерін қарау<br>мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесу мақсатында мүше мемлекеттердің тауар нарықтарында бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау өкілеттіктерін іске асыру және тиісті шаралар қабылдау<br>трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін, соның ішінде бағалардың негізсіз өсуіне әкелетін бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бәсекелестіктің жалпы қағидаларын | Монополияға қарсы реттеу департаменті | бәсекелестіктің жалпы қағидаларын және мемлекеттік баға реттеуді енгізу тәртібін бұзушылықтардың жолын кесу<br>мүше мемлекеттерде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерін ( әрекетсіздіктерін) бақылауды жүзеге асыру және монополияға қарсы ден қоюдың тиісті шараларын қабылдау | сақтауын бақылауды жүзеге асыру | | инфляция деңгейін тежеуге жәрдемдесу |
| 5. Әлеуметтік мәні бар азық-түлік тауарларына бағалардың маусымдық ауытқуын төмендету құралы ретінде сатып алу және тауарлық интервенцияларды іске асыру және дамыту | қажет болған кезде агроазық-түлік нарығында сатып алу және тауарлық интервенцияларды жүргізу | сатып алу және тауарлық интервенцияларды іске асыру және дамыту бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылына мониторинг жүргізу | Агроөнеркәсіптік саясат департаменті, Ішкі нарықтардың жұмыс істеуі департаменті, Макроэкономикалық саясат департаменті | әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағалардың айтарлықтай өсуін тежеу |
| 6. Тауарларды барынша төмен бағамен өткізуді қамтамасыз ететін және мүше мемлекеттердің халқы үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыратын бөлшек сауда құралдарын кеңейту ( электрондық сауда, дүкен-қоймалар, жәрмеңкелер және т.б.) | бөлшек сауданы дамыту үшін жағдай жасау, соның ішінде мүше мемлекеттердің тауар өндірушілерінің жәрмеңке іс-шараларына қол жеткізуін оңайлату мүше мемлекеттерде және Одақтың аумағында ұлттық тауарлардың электрондық саудасын ынталандыру үшін жағдай жасау | бөлшек сауда құралдарын дамыту және кеңейту бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылына мониторинг жүргізу жәрмеңке қызметін және электрондық сауданы дамыту мен реттеудің әлемдік тәжірибесін зерделеу | Макроэкономикалық саясат департаменті, Ішкі нарықтардың жұмыс істеуі департаменті, Ақпараттық технологиялар департаменті, Сауда саясаты департаменті, Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаменті | ұлттық тауарларға бағалардың айтарлықтай өсуін тежеу<br>бөлшек сауда тауар айналымын ұлғайту |
| | реттелетін нарықтарға тарифтерді ( бағаларды) қалыптастыру кезінде тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілерінің мүдделерінің балансын қамтамасыз ету және оған қол жеткізу | мүше мемлекеттерде табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу жүйесі мен практикасына салыстырмалы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. Табиғи монополия субъектілерінің қызметтер көрсетуіне тарифтерді оларды тұтынушылар мен өндірушілердің мүдделерінің балансын сақтауды ескере отырып экономикалық негізделген реттеу | белгіленетін тарифтердің ( бағалардың) реттеу қолданылатын табиғи монополия саласындағы қызметтер көрсетудің бағасына сәйкестігін қамтамасыз ету табиғи монополия субъектілеріне шығындарды азайту , жаңа технологиялар енгізу, инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыру тиімді болатын экономикалық жағдай жасау мүше мемлекеттердің табиғи монополия салалары мен тиісті нормативтік құқықтық актілерін жақындастыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау | талдау жүргізу жөніндегі қызметті жалғастыру мүше мемлекеттердің жақындастыруға жататын, табиғи монополия саласындағы нормативтік құқықтық актілерін белгілеу жөніндегі ұсыныстады әзірлеу және мүше мемлекеттермен келісу және осы саладағы заңнаманы үйлестіру жөніндегі тиісті шараларды жүзеге асырудың сабақтастығын анықтау жөніндегі іс-шаралар жоспарын ("жол картасы") әзірлеу | Көлік және инфрақұрылым департаменті | табиғи монополия субъектілерінің қызметтер көрсетуіне бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу мүше мемлекеттерге инфляцияны тежеуге жәрдемдесу |
| 8. Мүше мемлекеттердің монополия жағдайындағы нарықтарын бәсекелестік нарықты оңтайлы реттеу және ықтимал қалыптастыру тұрғысынан талдау | монополия жағдайындағы тауар нарықтарында қалыптастыру және дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу | монополия жағдайындағы тауар нарықтарында бәсекелестікті қалыптастыру және дамыту жөніндегі мүше мемлекеттердің шаралары туралы ақпаратты жинау және қорыту | Монополияға қарсы реттеу департаменті | монополия жағдайындағы тауар нарықтарында бәсекелес ортаны дамыту |
| | өзара сауданы жүзеге асыру кезінде өзара есеп айырысуларда мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын пайдалануды кеңейту үшін | мүше мемлекеттердің резиденттері арасында төлемдік-есептеу қатынастары механизмінің жұмыс істеуіне мониторинг жүргізу және жетілдіру | | өзара есеп айрысуларда транзакциялық шығындарды төмендету және Одақтың бүкіл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. Өзара сауда саласында мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын пайдалануды жандандыру | жағдайларды жетілдіру<br>қажет болған кезде мүше мемлекеттердің ұлттық төлем жүйелерін дамыту<br>мүше мемлекеттердің мүдделі орталық ( ұлттық) банктерін 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Ұлттық төлем жүйелерін дамытуды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы келісімге қосу | мүше мемлекеттердің резиденттері арасында төлемдік-есептеу қатынастарының механизмін жетілдіру мәселелері бойынша Мемлекетаралық банкпен ынтымақтастық бағыттарын айқындау<br>бірыңғай төлем кеңістігін (бірыңғай төлем инфрақұрылымы) құрудың қажетті алғышарттарына талдау жүргізу | Қаржылық саясат департаменті, Ішкі нарықтардың жұмыс істеуі департаменті, Макроэкономикалық саясат департаменті | аумағында төлемдік қызметтер көрсетуге қолжетімділікті қамтамасыз ету<br>өзара сауданы жүзеге асыру кезінде ұлттық валюталардағы есеп айырысу үлесін ұлғайту<br>мүше мемлекеттердің экономикаларында ұлттық валютаның рөлін арттыру |
| 2-бағыт. Мүше мемлекеттердің бюджет жүйелерінің теңгерімділігін қолдау | | | | |
| 1. Мүше мемлекеттердің кіріс бөлігін, соның ішінде салық жүйесін жетілдіру және салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру арқылы ұлғайту | салықтарды жинаудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында салық заңнамасын және салықтық әкімшілендіру құралдарын жетілдіру<br>2009 жылғы 11 желтоқсандағы Салық органдары мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында жанама салықтардың төленген сомалары туралы электрондық түрде ақпарат алмасу туралы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасын дайындау<br>салықтық әкімшілерді жүзеге асыру үшін салық | салық базасын және салықтық әкімшілендіру құралдарын жетілдіру бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылына мониторинг жүргізу<br>құжаттар жобаларын келісу бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультациялар жүргізу, Комиссия Алқасының қарауына енгізу үшін материалдар дайындау | Қаржылық саясат департаменті | мүше мемлекеттердің мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығын Шартта белгіленген тапшылық мәнін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | органдары мен мүше мемлекеттер арасында электрондық түрде ақпарат алмасу туралы хаттаманың жобасын келісу | | | бюджеттердің кіріс бөлігін ұлғайту |
| 2. Кеден органдары әкімшілендіретін төлемдердің мүше мемлекеттердің бюджеттеріне түсімдерін ұлғайту мақсатында кедендік әкімшілендірудің сапасы мен тиімділігін арттыру | электрондық декларациялар жүйесін дамыту<br>уәкілетті экономикалық оператор институтын жетілдіру<br>электрондық құжат айналымына көшу<br>ведомствоаралық өзара іс-қимылды дамыту<br>кедендік әкелу баждарын төлеу бойынша кейінге қалдыруды және мерзімін ұзартуды беру тәсілдерін өзгерту | кедендік әкімшілендірудің сапасы мен тиімділігін арттыру бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылына мониторинг жүргізу | Кедендік заңнама және құқық қолдану практикасы департаменті, Кедендік инфрақұрылым департаменті, Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаменті | мүше мемлекеттердің мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығын Шартта белгіленген тапшылық мәнін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бюджеттердің кіріс бөлігін ұлғайту |
| 3. Экономиканы дамытудың стратегиялық басым бағыттары мен секторларында ресурстарды шоғырландыру үшін бюджет шығыстарын оңтайландыру | экономиканың стратегиялық басым секторларын даму мақсатында бюджет шығыстарын қайта бөлу<br>мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығы Шартта белгіленген сандық мәннен асып кеткен жағдайда Комиссиямен консультациялар жүргізу және әзірленген Комиссия ұсынымдарын есепке алу | бюджет шығыстарын оңтайландыру бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылына мониторинг жүргізу<br>мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығы Шартта белгіленген мәннен асып кеткен жағдайда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультациялар жүргізу және Комиссияға ұсынымдар әзірлеу | Макроэкономикалық саясат департаменті, Қаржылық саясат департаменті | мүше мемлекеттердің мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығын Шартта белгіленген тапшылық мәнін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бюджеттердің шығыс бөлігін оңтайландыру |
| | мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығының | | | мүше мемлекеттердің бюджет жүйесінің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. Мемлекеттік басқару секторының қалыптасқан тапшылығын ( профицитін) ескере отырып, пайыздық емес шығыстардың өсу қарқынын түзету | Шартта белгіленген сандық мәнін, соның ішінде пайыздық емес шығыстардың өсу қарқынын бастапқы тапшылықтың өсуін болғызбау мақсатында оның кірістерінің өсу қарқынынан аспайтын деңгейде ұстап тұру есебінен сақтау | мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет шығыстарының тиімділігін мониторингтеу, талдау және бағалау | Макроэкономикалық саясат департаменті, Қаржылық саясат департаменті | теңгерімділігін қамтамасыз ету мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығын төмендету және мемлекеттік қарыз алу есебінен бюджетті қосымша қаржыландыруға қажеттілікті азайту |
| 5. Бюджет жүйелерінің теңгерімділігін арттыру мақсатында қаржылық емес активтермен жасалатын операцияларды оңтайландыру | мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет тапшылығының Шартта белгіленген сандық мәнін, соның ішінде қаржылық емес активтермен жасалатын операцияларды оңтайландыру есебінен сақтау | қаржылық емес активтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджет шығыстарының тиімділігін мониторингтеу, талдау және бағалау | Макроэкономикалық саясат департаменті, Қаржылық саясат департаменті | мүше мемлекеттердің бюджет жүйесінің теңгерімділігін қамтамасыз ету мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің тапшылығын төмендету және мемлекеттік қарыз алу есебінен бюджетті қосымша қаржыландыруға қажеттілікті азайту |
| 3-бағыт. Мемлекеттік басқару секторының борыштық тұрақтылығын қамтамасыз ету | | | | |
| 1. Мемлекеттік басқару секторы борышының Шартта белгіленген сандық мәнін сақтау мақсатында мүше мемлекеттердің экономикалары үшін неғұрлым күрделі кезеңдерде шарықтаушы жүктемелерді болғызбау мақсатында борышты басқару | борышты басқару жөніндегі ұлттық стратегияларды қажет болған кезде әзірлеу мемлекеттік басқару секторы борышының Шартта белгіленген сандық мәнінің ЖІӨ-де пайыздармен сақталуын қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару секторының борыш көрсеткіштерінің ұлттық шекті мәндерін белгілеу мемлекеттік басқару секторының борыш көрсеткіштері | мемлекеттік басқару секторының борыш көрсеткішінің Шартта белгіленген сандық мәнін және мемлекеттік басқару секторының борыштық тұрақтылығының басқа да көрсеткіштерін мониторингтеу, сондай-ақ осы мониторингтеу нәтижелерін талдау мемлекеттік басқару секторының борыш көрсеткіштері Шартта белгіленген сандық мәннен асып кеткен жағдайда | Макроэкономикалық саясат департаменті | мүше мемлекеттердің мемлекеттік басқару секторының борыш көрсеткішінің Шартта белгіленген |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жөніндегі стратегияларды әзірлеу және іске асыру | Шартта белгіленген сандық мәннен асып кеткен жағдайда Комиссиямен консультациялар жүргізу және әзірленген Комиссия ұсынымдарын есепке алу | мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультациялар жүргізу және Комиссияға ұсынымдар әзірлеу | | сандық мәнін сақтауы |
| 2. Мемлекеттік басқару секторына борыштық жүктемені ұлғайтпайтын механизмдерді пайдалану арқылы басым жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін қарау | басым жобаларды қаржыландыру қажеттігін ескере отырып, борыш құралдары есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік басқару секторының инвестициялар үлесін азайту үшін жеке сектордың ішкі және сыртқы тікелей инвестицияларын тартуды ынталандыру | жеке сектордың тікелей инвестицияларын ынталандыру жөніндегі мүше мемлекеттердің шараларын мониторингтеу | Макроэкономикалық саясат департаменті, Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаменті | инвестицияның жалпы сомасында мемлекеттік борыш құралдары есебінен қаржыландырылатын инвестициялар үлесін төмендету мемлекеттік басқару секторы борышының өсу қарқынын қысқарту |
| 3. Сыртқы нарықта қарыз алу тәуекелдерін барынша азайту үшін ішкі көздер есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыруды қамтамасыз ету | мемлекеттік басқару секторы борышының валюталық тәуекелін азайту мақсатында ұлттық валюта көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқа да борыштық құралдар нарығын дамыту | мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын және ұлттық валютада көрсетілген басқа да борыштық құралдарды дамыту бойынша, соның ішінде мемлекеттік басқару секторының борыш көрсеткішінің Шартта белгіленген сандық мәнін асырған мүше мемлекеттер үшін Комиссия ұсынымдарын әзірлеу мақсатында мүше мемлекеттердің шараларын талдау | Макроэкономикалық саясат департаменті, Қаржылық саясат департаменті | ішкі көздер есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыруды ұлғайту мемлекеттік басқару секторы борышының жалпы сомасында, шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік басқару секторының борышын төмендету |
| II. Экономикалық өсімді тұрақты дамыту мен қалпына келтіру үшін жағдайлар жасау<br>1-бағыт. Мүше мемлекеттердің экономикаларын әртараптандыру | | | | |
| | Комиссияның "Еуразиялық | "Еуразиялық экономикалық одақта | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Интеграциялық әлеуетке ие экономика салаларын айқындау | экономикалық одақта интеграциялық әлеуетке ие экономика салалары және оны пайдалануға бағытталған шаралар" атты баяндамасын қарау Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық әлеуетін қалыптастыру және бағалау үшін "Шығындар-Шығару" елдік және еларалық кестелерді пайдалану жөніндегі сарапшылық топтардың жұмысына қатысу | интеграциялық әлеуетке ие экономика салалары және оны пайдалануға бағытталған шаралар" атты баяндама дайындау және оны Одақ органдарының қарауына енгізу Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық әлеуетін қалыптастыру және бағалау үшін "Шығындар-Шығару" елдік және еларалық кестелерді пайдалану жөніндегі сарапшылық топтардың жұмысын ұйымдастыру | Макроэкономикалық саясат департаменті, Статистика департаменті | интеграциялық әлеуетке ие экономика салаларының тізбесін қалыптастыру |
| 2. Үшінші елдердің өнімдерінің импортын Одақ өнімдерімен алмастыру саясатын, соның ішінде мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кешендерін дамыту арқылы іске асыру | Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықтың Негізгі бағыттарын іске асыру станок жасау жөніндегі еуразиялық инжинирингтік орталықты қалыптастыру қалыптастыру тәртібін қамтитын, өнеркәсіптік кооперация мен қосалқы контрактация желілерін құру тәжырымдамасын әзірлеу егер халықаралық келісімдерде өзгеше көзделмесе, мүше мемлекеттер | Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің қызметін консультациялық қолдау және үйлестіру өнеркәсіптік кооперация мен қосалқы контрактация желілерін дамытудың және құрудың әлемдік тәжірибесіне талдау жүргізу егер халықаралық келісімдерде өзгеше көзделмесе, мүше мемлекеттер аумақтарында | Өнеркәсіптік саясат департаменті, Ішкі нарықтардың жұмыс істеуі департаменті, Макроэкономикалық саясат департаменті Кедендік инфрақұрылым департаменті | мүше мемлекеттер нарықтарында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аумақтарында өндірілетін кедендік бақылаудың кедендік құралдарымен кедендік инфрақұрылым объектілерін жарақтандыру бөлігінде импорт алмасу саясатын іске асыру жөнінде ұсыныстар дайындау | өндірілетін кедендік бақылаудың кедендік құралдарымен кедендік инфрақұрылым объектілерін жарақтандыру бөлігінде импорт алмасу саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қорыту | | ұлттық өнімнің үлесін ұлғайту |
| 3. Инновациялық белсенділікті ынталандыру және инновациялық технологияларды енгізу үшін жағдай жасау | инновациялық қызметті реттеуді жетілдіру жөніндегі шараларды қоса алғанда, инновациялық белсенділікті қолдау еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыру бойынша бағыттар тізбесіне сәйкес басым еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыруға қатысу | мүше мемлекеттердің өнеркәсібін дамытудың әлемдік тәжірибесіне және өнеркәсібін цифрлық өзгерту тәсілдеріне талдау жүргізу еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыру бойынша бағыттар тізбесіне сәйкес басым еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыруды үйлестіру | Өнеркәсіптік саясат департаменті, Ақпараттық технологиялар департаменті | инновациялық өнім үлесінің өсімі инновациялық салада тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін жағдай жасау инновациялық инфрақұрылымды дамыту, инвестициялардың инновациядағы өсімі |
| 4. Жоғары технологиялы өндірістерді дамытуды, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласында ынталандыру мақсатында мүше мемлекеттердің бірлескен ғылыми-іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізуді | агроөнеркәсіптік кешен саласында бірлескен ғылыми-іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар дайындау агроөнеркәсіптік кешен саласында мүше мемлекеттердің ғылыми және инновациялық | агроөнеркәсіптік кешен саласында бірлескен ғылыми-іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін әзірлеу бойынша мүше мемлекеттердің қызметін үйлестіру агроөнеркәсіптік кешен саласында мүше мемлекеттердің ғылыми және инновациялық | Агроөнеркәсіптік саясат департаменті | ғылыми-техникалық ынтымақтастықты тереңдету және инновациялық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ұйымдастыру тетіктерін әзірлеу | қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар дайындау | қызметін үйлестіру бойынша Комиссия Алқасының ұсынымын әзірлеу | | дамуды ынталандыру |
| 5. Шағын және орта бизнесті кешенді қолдау шараларын іске асыру | кәсіпкерлікті дамытуды қосымша ынталандыру әрі және шағын және орта бизнесті қолдау үшін мемлекет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын шағын және орта бизнесті кешенді қолдау шараларын қабылдау және іске асыру зияткерлік меншік объектілеріне шағын және орта бизнестің құқықтарының тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Одақтың тауар белгілерін және Одақ тауарларының шығарылған жерінің атауларын тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану механизмдерін енгізу | шағын және орта бизнесті қолдаудың кешенді бағдарламаларын қабылдау мен іске асыру бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылын талдау Одақтың тауар белгілерінің бірыңғай тізілімін және Одақтың тауарлардың шығарылған жерінің атауларының бірыңғай тізілімін қалыптастыруды және қолдауды қамтамасыз ету шағын және орта бизнес өкілдеріне консультациялық және әдістемелік көмек көрсету | Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаменті | мүше мемлекеттердің ЖІӨ шағын және орта бизнес өнімі үлесінің өсімі шағын және орта бизнестің жаңадан құрылған кәсіпорындарының санын ұлғайту кәсіпкерлік белсенділікті ұлғайту, зияткерлік меншік саласында шағын және орта бизнесті жүргізу үшін қосымша жағдай жасау |
| 6. Мүше мемлекеттердің экономикаларына интеграциялық процестер әсерінің макроэкономикалық және салалық нәтижелерін бағалау қағидаттары мен тәсілдерін әзірлеу және келісу | мүше мемлекеттердің экономикаларына интеграциялық процестер әсерінің макроэкономикалық және салалық нәтижелерін бағалау бойынша Комиссияның пилоттық есеп-қисаптарын талқылау | мүше мемлекеттердің экономикаларына интеграциялық процестер әсерінің макроэкономикалық және салалық нәтижелерін бағалау жөніндегі пилоттық есеп-қисаптарды дайындау | Макроэкономикалық саясат департаменті | мүше мемлекеттердің экономикаларына интеграциялық процестер әсерінің макроэкономикалық және салалық нәтижелеріне сандық бағалау алу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2-бағыт. Қаржы қаражаты көздерін кеңейту және негізгі капиталға инвестициялар көлемін өсіру мақсатында кредит ресурстарына қолжетімділікті арттыру | | | | |
| 1. Қаражатты басым жобаларға тиімді нысаналы бөлу механизмдерін одан әрі дамыту | қаражаттың басым бағыттарға нысаналы бөлінуін және пайдаланылуын тиісті бақылауды қамтамасыз ету экономика секторында бюджеттік инвестициялар мен нысаналы субсидияларды және мүше мемлекеттерді дамыту басымдықтарына сәйкес келетін жобаларды жүзеге асыру құралдарын қалыптастыру мен дамытудың құқықтық және институционалдық негіздерін жетілдіру | қаражатты басым жобаларға нысаналы бөлу тетіктерін одан әрі дамыту бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылын талдау | Макроэкономикалық саясат департаменті, Қаржылық саясат департаменті | басым жобаларға бөлінген қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру |
| 2. Озық халықаралық практикаларды, мүше | мүше мемлекеттердің тәжірибесін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмдерін қолданудың халықаралық практикаларын талдау мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласында мүше мемлекеттердің | Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмдерін дамыту жөніндегі сарапшылық топтың отырыстарын және мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмдерін жетілдіру мәселелері бойынша, соның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмдерін қолдану тәртібін регламенттейтін мүше мемлекеттердің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| мемлекеттердің барынша прогрессивті модельдерін, үшінші елдер мен интеграциялық бірлестіктердің озық тәжірибесін ескере отырып, мүше мемлекеттердің мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмдерін қолдану саласын регламенттейтін заңнамасын жетілдіру | заңнамасын жетілдіру және үндестіру жөнінде ұсыныстар дайындау<br>Одақ шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөнінде ( соның ішінде интеграциялық сипатта) ұсыныстар дайындау<br>мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша бірлескен конференцияларға, форумдарға, консультацияларға, оқу-практиалық семинарларға, дөңгелек үстелдерге және өзге де іс-шараларға қатысу | кезінде пайдалану және Одақ аумағында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іс жүзінде іске асыру үшін мүше мемлекеттер өкілдерінің консультацияларын ұйымдастыру<br>өзара мүдделілік танытатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мәселелер бойынша ақпарат алмасуда, соның ішінде талдамалық және анықтамалық материалдармен алмасуда мүше мемлекеттерге жәрдемдесу<br>мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша бірлескен конференциялар, форумдар, консультациялар, оқу-практиалық семинарлар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу | Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаменті | Одақ аумағында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жүзеге асырудың оңтайлы механизмдерін енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасау |
